

**Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидаларын бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 тамыздағы № 851 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 457 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.06.2015 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

«Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы» 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>С. Ахметов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2013 жылғы	26 тамыздағы
№ 851 қаулысымен	
бекітілген	

**Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарын тіркеудің және есепке алудың бірыңғай тәртібін белгілейді.

2. Қағидалар халықаралық қозғалысқа қатысатын басқа мемлекеттің құзыретті органында тіркелген және Қазақстан Республикасына екі айдан

аспайтын мерзімге әкелінген көлік құралдарына қолданылмайды.

3. Қарулы күштердің, Қазақстан Республикасының басқа әскерлері мен әскери құрылымдарының көлік құралдары қорғаныс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен тіркеледі.

4. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық корпусымен жұмыс жөніндегі ұйым – Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық өкілдіктермен, халықаралық ұйымдармен және/немесе олардың өкілдіктерімен, консулдық мекемелермен және Қазақстан Республикасында аккредиттелген олардың қызметкерлерімен жұмыс жөніндегі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің уәкілетті ұйымы;

2) көлік құралдарын және оларға тіркемелерді мемлекеттік тіркеу (бұдан әрі – көлік құралдары) – тіркеу құжаттарын және мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін (бұдан әрі – МТНБ) бере отырып, көлік құралдарының жекелеген түрлерінің жалпы пайдаланудағы жолдар бойынша жол қозғалысына қатысуына рұқсат беруді жүзеге асыру мақсатындағы ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ІІО) қызметі;

3) көлік құралын есептен шығару – меншік иесі мекенжайының өзгеруіне байланысты көлік құралының тіркелген жерін өзгертуге, меншік құқығының өзгеруіне байланысты иелену құқығын тоқтатуға, кейіннен мәміле жасауға, кәдеге жаратуға (жарамсыз деп белгілеуге, есептен шығаруға), иесінің өтініші бойынша жол қозғалысына қатысуға рұқсатты уақытша тоқтатуға, уақытша әкетуді қоспағанда, көлік құралын Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге, көлік құралын меншік иесінің заңды иелігінен шығаруға (айдап әкету, ұрлау) бағытталған ІІО қызметі;

4) көлік құралдарын мемлекеттік тіркеудің бірыңғай ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - БАЖ) – көлік құралдарының сәйкестендіру нөмірі міндетті түрде көрсетілген көлік құралдары және олардың иелері, сондай-ақ көлік құралдарын тіркеу туралы берілген куәліктер (бұдан әрі – КҚТК) және МТНБ туралы мәліметтерді орталықтандырылған есепке алуды қамтамасыз ететін мемлекеттік ақпараттық жүйе;

5) көлік құралдарын тіркеудегі өзгерістер – азаматтық заңнамада белгіленген құқықтық негіздер болған кезде БАЖ (есептік мәліметтер) және МТНБ-ге өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

6) көлік құралының сәйкестендіру нөмірі – БАЖ-да көлік құралын сәйкестендіруді жүргізуге мүмкіндік беретін, көлік құралын шығарушы берген, тізбектелген әріптік-цифрлық белгілер түрінде көрсетілген көлік құралының жеке сериялық нөмірі;

7) көлік құралының иесі – азаматтық заңнамаға сәйкес көлік құралының

меншік иесі, сондай-ақ көлік құралын шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында иеленетін адам;

8) КҚТК – өзгерістер БАЖ арқылы ғана енгізілетін жол қозғалысына қатысуға рұқсатты растайтын құжат;

9) МТНБ – мемлекеттің меншігі болып табылатын және жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган көлік құралына беретін және техникалық реттеу және метрология жөніндегі уәкілетті орган бекіткен стандарт талаптарына сәйкес жасалған жеке әріптік-сандық белгіні қамтитын БАЖ-да тіркелген өнім. Бұл түсінік «Транзит» МТНБ-ге де қатысты;

10) нөмірлік агрегат – көлік құралының шанағы, шассиі, рамасы, кабинасы;

11) техникалық құжат – көлік құралдарын оның техникалық параметрлеріне сәйкестігін белгілеуге мүмкіндік беретін ақпаратты қамтитын құжат (КҚТК, басқа мемлекетте берілген КҚТК, көлік құралының паспорты, дайындаушы зауыттың қабылдап алу-беру актісі);

12) тіркеу-емтихан пункті (бұдан әрі – ТЕП) – көлік құралдарын тіркеу және есепке алу бойынша рәсімдерді жүзеге асыратын, оның ішінде халыққа қызмет көрсету орталықтарында (бұдан әрі – ХҚО) орналастырылған ІО бөлімшесі;

13) жол қозғалысының шетел қатысушылары – 1961 жылғы «Дипломатиялық қатынастар туралы» Вена конвенциясына және 1963 жылғы «Консулдық қатынастар туралы» Вена конвенциясына сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерге ие, Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық өкілдіктер, халықаралық ұйымдар және/немесе оның өкілдіктері, консулдық мекемелері және Қазақстан Республикасында аккредиттелген олардың қызметкерлері, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ шетел қатысуымен заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасында тіркелген шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері.

## **2. Көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу және есепке алу тәртібі**

### **1. Көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу**

5. Көлік құралдары жеке тұлғалардың атына олардың тұратын жері немесе уақытша тіркелген жері бойынша уақытша тұру мерзіміне тіркеледі.

Көлік құралдарын заңды тұлғалардың атына тіркеу олардың тіркелген заңды мекенжайы бойынша, ал филиалдар мен өкілдіктерінің атына – олардың орналасқан жері бойынша жүргізіледі.

6. Көлік құралының иесі бірлескен меншік құқығы туралы куәлікті ұсынған жағдайда КҚТК-нің «Ерекше белгілер» бөліміне: «Тең иесі – Т.А.Ә.» деген жазба е н г і з і л е д і .

7. Меншік иелері он төрт жасқа жетпеген кәмелетке толмаған азаматтар болған жағдайларда көлік құралдарын тіркеу және есептен шығару олардың атынан ата-аналары (асырап алушылар) немесе қамқоршылық және қорғаншылық органдары, ал меншік иелері 14 жастан 18 жасқа дейінгі адамдар болған жағдайда ата-аналарының (асырап алушылардың) немесе қамқоршылық және қорғаншылық органдарының жазбаша келісімімен осы адамдар жасайды.

8. Жол қозғалысының шетелдік қатысушыларының көлік құралдарын тіркеу және есептен шығару Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық корпусымен жұмыс жөніндегі ұйым арқылы сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүргізіледі.

9. ПО жүзеге асыратын жеңіл көлік құралдарын, мотоциклдер мен мотороллерлерді қоспағанда, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу және есептен шығару қалалардың (аудандардың) қорғаныс істері жөніндегі тиісті басқармаларына (бөлімдеріне) жазбаша хабарлағаннан кейін ғана жүргізіледі.

10. Көлік құралдарын тіркеу, тіркеуге өзгерістер енгізу, есептен шығару кезінде олар туралы барлық қажетті деректер БАЖ-ға енгізіледі.

11. Көлік құралды тіркеу және/немесе есептен шығару, КҚТК мен МТНБ беру, КҚТК-ге (пайдалануға жарамсыз құжаттың орнына берілетін тіркеу құжатын қоспағанда) өзгерістер енгізу кезінде көлік иелері нөмірлік агрегаттардың көрсетілген құжаттардағы және/немесе бірыңғай БАЖ-дағы есепке алу деректеріне сәйкестігін салыстырып тексеру мақсатында көлік құралдарын карау үшін ТЕП-ке береді.

Сырттай карау процесінде:

1) тіркелетін көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігін;  
2) түсті графикалық сызбаларды, тану белгілерін, жазуларды, арнайы жарық және дыбыс сигналдарын салу талаптарына сәйкес келетін жедел және арнайы қызметтердің көлік құралдарын;

3) нөмірлік агрегаттар мен МТНБ түпнұсқалығын (жасырын, жалған немесе қандай да бір өзге тәсілдермен өзгертілген нөмірлік агрегаттарды, сондай-ақ МТНБ анықтау) және олардың көлік құралдарының құжаттарына және/немесе БАЖ-да көрсетілген деректерге сәйкестігін тексеру жүзеге асырылады.

Дайындалған көлік құралдарының конструкциясы, оның ішінде олардың құрамдас бөліктерінің, қосымша құрал-жабдық заттарының, қосалқы бөлшектерінің және жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты бөлігінде керек-жарақтардың конструкциясы белгіленген техникалық регламенттердің талаптарына сай болуы тиіс.

Тіркелген көлік құралының конструкциясына, оның ішінде оның құрамдас бөліктерінің, қосымша жабдықтар заттарының, қосалқы бөлшектерінің және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал ететін керек-жарақтарының

конструкциясына өзгерістер енгізілгеннен кейін Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен сәйкестігін қайтадан растау жүргізу қажет.

12. Көлік құралын байқау нәтижелері осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік құралын тіркеу актісінде белгіленеді және байқау жүргізген адамның тегін, күнін көрсете отырып, байқау жүргізген лауазымды адамның қолымен расталады (ХҚО-да көлік құралдарын байқауды жүзеге асыруға уәкілетті қызметкердің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталады )

Көлік құралын байқау нәтижелері күнтізбелік жиырма күн жарамды болады.

13. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік құралдарын байқау актілерін көлік құралының орналасқан жері бойынша жасалған, уәкілетті орган қызметкерінің қолымен және мөрімен расталған оларды байқау актілерін ұсынуға рұқсат етіледі. Актінің жарамдылық мерзімі - күнтізбелік жиырма күн.

14. ТЕП қызметкерлері және ХҚО жұмыскерлері тіркеу іс-қимылдарын жасау кезінде жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде көлік құралдары иелерінің жеке басын куәландырады.

15. Жеке тұлға болып табылатын көлік құралының меншік иесінің өкілі өтініш білдірген жағдайда азаматтық заңнамаға сәйкес берілген құжаттың негізінде көлік құралын тіркеу кезінде меншік иесінің мүдделерін білдіруге оның өкілеттігі тексеріледі. Заңды тұлға өкілінің өкілеттігі басшысының немесе уәкілеттік берілген өзге адамның қолымен және заңды тұлғаның мөрімен расталған сенімхатпен немесе көлік құралын тіркеу актісіндегі басшының қолымен және заңды тұлғаның мөрімен расталады.

16. Кәмелетке толмаған адамның туу туралы куәлігін ұсынған жағдайда жеке басын анықтау оның ата-аналарының (асырап алушылардың), қамқоршыларының (қорғаншыларының) немесе қамқоршылық және қорғаншылық органдары өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі.

17. Тіркеу іс-қимылдарын жасау үшін көлік құралдарының иелері:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік құралын тіркеу актісін ;

2) жеке басты куәландыратын құжатты (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, туу туралы куәлік (кәмелетке толмағандар үшін) ;

3) мекенжай анықтамасын ;

4) «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген баждар мен алымдарды төлеу туралы құжаттарды ;

5) мыналарды :

салық төлеушілер үшін – Салық кодексінде белгіленген тәртіппен көлік құралына салықтың төленгенін;

Салық кодексіне сәйкес салық төлеушілер болып табылмайтын адамдар үшін – салық төлеуден босату құқығын растайтын құжаттарды;

б) тіркеу органы беретін заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің), заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын анықтаманы, жарғыны (салыстырып тексеру үшін) және олардың көшірмелерін;

7) техникалық құжатты;

8) дайындаушы зауыттың немесе Қазақстан Республикасының шегінде көлік құралына арнайы (немесе мамандандырылған) жабдықты орнатқан кәсіпорынның сертификатын немесе әкелінген жабдыққа тиісті кедендік құжаттарды, сәйкестік сертификатын;

9) кері әкету туралы міндеттемемен Қазақстан Республикасына әкелінген көлік құралдарының МТНБ, КҚТК және/немесе тіркеу құжаттарын;

10) осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, көлік құралын;

11) СИМ дипломатиялық корпусымен жұмыс жөніндегі ұйымның жолдамасын (жол қозғалысының шетелдік қатысушылары үшін);

12) заңды тұлғаның өзінің құрылымдық бөлімшесіне немесе басқа заңды не жеке тұлғаға көлік құралын бөлу және беру туралы мөрмен расталған бұйрығын (өкімін);

13) көлік құралына, нөмірлік агрегатқа меншік құқығын растайтын құжатты ұсынады, оларға:

кедендік ресімдеуден өткенін растайтын құжаттар (кеден декларациясы, кедендік кіріс ордері, уақытша әкелген жағдайларда кері әкету туралы міндеттеме);

сот растаған сот шешімінің, қаулысының көшірмелері, орындауға жататын мемлекеттік органның әрекеттері туралы сот орындаушысының хабарламасы қоса берілген атқару парағы;

азаматтық заңнама талаптарына сәйкес жасалған шарттар, мәмілелер, куәліктер, мүлікке мұрагерлік құқығы туралы құжаттар жатады.

Көлік құралының иесі ХҚО-ға өтініш берген кезде осы тармақтың 1), 3), 5), 6) тармақшаларында және 13) тармақшасының 2-абзацында көрсетілген құжаттар ұсынылмайды.

18. Көлік құралын мемлекеттік тіркеуді жүргізуге өшірілген не қосып жазылған, сызылған сөздері және басқа да, сондай-ақ қарындашпен жазылған түзетулері бар және егер ондағы мәтін анық көрінбеген жағдайда құжаттар қабылданбайды. Жеке тұлғалардың тегі, аты және әкесінің аты тұрғылықты тіркелген жері мекенжайының деректері көрсетіле отырып, ал заңды

тұлғалардың, олардың филиалдарының және өкілдіктерінің атаулары қысқартусыз және олардың заңды мекенжайлары көрсетіле отырып толық ұсынылады. Көлік құралдарын тіркеуді жүргізу үшін ұсынылатын құжаттардың көшірмелері аталған құжаттарды берген заңды тұлға мөрінің түпнұсқасымен р а с т а л а д ы .

19. Мемлекеттік және орыс тілдерінен басқа тілде жасалған көлік құралдарын тіркеу үшін ұсынылатын құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аударылады және аударманың дұрыстығы туралы нотариустың не осындай іс-әрекеттерді жүргізуге құқығы бар басқа лауазымды адамның қолымен к у ә л а н д ы р ы л ғ а н б о л у ы т и і с .

20. Көлік құралдарына қолданыстағы заңнамаға сәйкес енгізілген ауыртпалықтар, сондай-ақ кері әкету туралы міндеттемемен Қазақстан Республикасына уақытша әкелінген көлік құралдарын шетелге әкету мерзімі Б А Ж - ғ а е н г і з і л е д і .

Осы тармақта көрсетілген мәліметтерді өзгерту тиісті тыйымдар мен шектеулерді енгізген органдар берген құжаттардың негізінде жүргізіледі.

21. Әскери бөлімдерден сатылған көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу осы көлік құралдарын сату жөніндегі уәкілетті орган берген құжаттардың негізінде ж ү р г і з і л е д і .

22. Арнайы жарық және дыбыстық сигналдар беруге арналған құралдармен жабдықталған көлік құралдарының КҚТК-не «арнайы дыбыстық және (арнайы маяктың нақты түсі көрсетіледі) жарық сигналдары» деген жазба жазылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарында көзделген көлік құралдарына арнайы жарық және дыбыс сигналдарын беру мен түрлі-түсті графикалық сызбаларды қолдануға арналған құралдармен жабдықтау құқығының тоқтатылуына байланысты тіркеу есебінен алу және тіркеу мәліметтерін өзгерту көрсетілген аспаптар бөлшектелгеннен және түрлі-түсті графикалық сызбалар ж о й ы л ғ а н н а н к е й і н жүргізіледі.

23. Көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ есептен шығару алдында көлік құралы мен оның иесін олардың іздеуде болуы мәніне ПО ақпараттық ресурстары бойынша тексеру жүзеге асырылады. Жүргізілген тексеру нәтижесі көлік құралын тіркеу актісінде тексеру жүргізілген, күнді, тексеру жүргізген уәкілетті қызметкердің тегін, қолын көрсете отырып белгіленеді.

24. Ұсынылған құжаттарды, МТНБ қолдан жасау белгілері, зауыттық таңбалауды өзгерту, агрегаттар нөмірлерінің ұсынылған құжаттарға немесе тіркеу деректеріне сәйкес келмеуі, сондай-ақ көлік құралының (нөмірлік агрегаттардың), иесінің немесе ұсынылған құжаттардың іздеуде екені туралы мәліметтер болса, ПО қызметкері дереу ПО кезекші бөліміне ақпарат береді, көлік құралдары ұсталады және құжаттарымен бірге аумақтық ПО-ге беріледі.

Соғылған, егелген нөмірлік агрегаттар, іздеу бойынша есептен шығарылмаған көлік құралдары тіркеуге жатпайды.

25. Тіркелген техникалық ақаусыз көлік құралдарына белгіленген үлгідегі КҚТК, МТНБ беріледі. Автомобильдер мен автобустарға екі, ал мотокөлік құралдары мен тіркемелерге бір МТНБ беріледі.

Көлік құралдарының МТНБ үлгілерін жол қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

26. Дайындаушы кәсіпорындардан, автожөндеу зауыттарынан, кедендік бақылау органдарынан және сауда ұйымдарынан тіркеу орнына өз жүрісімен жеткізілген, сондай-ақ тұрғылықты жерінің немесе меншік құқығының өзгеруіне байланысты есептен шығарылған көлік құралдарына бір рет пайдалану үшін «Транзит» МТНБ тиісінше дайындаушы ұйымдар немесе ТЕП береді.

«Транзит» МТНБ беру кезінде көлік құралдарына меншік құқығын растайтын құжаттарда көрсетілген белгілердің сериясы, нөмірі, берілген күні мен жарамдылық мерзімі көрсетіледі және осы жазбаларды жазған ұйымдардың мөрлерімен куәландырылады.

«Транзит» МТНБ қолданылу мерзімі – берілген күнінен бастап күнтізбелік он күн.

«Транзит» МТНБ қолданылу мерзімін ұзартуды ТЕП қызметкері бір рет жүзеге асырады. Ұзарту мерзімі – күнтізбелік он күн.

27. Тіркеуге бөлінген уақыт кезеңінде көлік құралы көлік құралын тіркеу әрекеттерін жүргізу алдында оны тексеруге ұсыну мақсатында, сондай-ақ көлік құралын қарау барысында – көлік құралын тіркеу актісінде уәкілетті органның лауазымды адамдарының тиісті белгілері қойылған кезде анықталған ақауларын жою үшін ТЕП-ке әкелінеді.

28. Ауыртпалығы бар көлікке құжаттар мен МТНБ телнұсқалары тиісті шектеулерді қойған органдар берген рұқсат беру құжаттарының негізінде беріледі.

29. Есептен шығарылған көлік құралдарының тіркеу құжаттары жоғалған жағдайда көлік құралының иесіне бұрынғы тіркелген жері бойынша анықтама-растау беріледі. ТЕП көлік құралының бұрынғы тіркелген жері бойынша сұрау салу жібереді, олардың орындалуы сұрау салуды алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде міндетті болып табылады.

30. Көлік құралдарын тіркеу актілері, көлік құралдарына (нөмірлік агрегаттарға) меншік құқығын растайтын құжаттар, Қазақстан Республикасына әкелінген көлік құралдарын тіркеген мемлекеттердің және Қазақстан Республикасының тіркеу құжаттары мен МТНБ (егер оларды кеден органы алмаған болса) және «Транзит» МТНБ ТЕП-ке тапсырылады.

31. Кері әкету туралы міндеттемемен Қазақстан Республикасының аумағына



екі айдан астам мерзімге уақытша әкелінген көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу иелеріне кедендік құжаттарда көрсетілген олардың әкелінген мерзіміне КҚТК мен МТНБ бере отырып жүргізіледі. Өзге мемлекеттердің тіркеу құжаттарының және МТНБ түпнұсқалары ТЕР-те сақталады.

32. Жол қозғалысының шетелдік қатысушыларына тиесілі көлік құралдарына мынадай сериядағы МТНБ беріледі:

«D» - Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктердің, халықаралық ұйымдардың және/немесе олардың Қазақстан Республикасында тіркелген өкілеттіктері, консулдық мекемелері қызметкерлерінің қызметтік және жеке көлік құралдарына;

«T» - Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктердің, халықаралық ұйымдардың және/немесе олардың Қазақстан Республикасында тіркелген өкілеттіктерінің, консулдық мекемелерінің әкімшілік-техникалық қызметкерлерінің қызметтік және жеке көлік құралдарына ;

«HC» - Қазақстан Республикасында аккредиттелген шетелдік мемлекеттердің құрметті консулдарының көлік құралдарына;

«M» - Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің көлік құралдарына;

«H» - Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген шетелдік азаматтардың қатысуымен заңды тұлғалардың көлік құралдарына;

«F» - шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың көлік құралдарына ;

«D», «T», «HC» сериясындағы МТНБ-сы бар көлік құралдарының жол қозғалысына қатысуы үшін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық корпусымен жұмыс жөніндегі ұйым беретін стикердің болуы қажет.

«D», «T», «HC» сериясындағы МТНБ-ның қолданылу мерзімі стикерде көрсетілген мерзімге тең.

Стикерді ресімдеу, иемдену және пайдалану, сондай-ақ жол қозғалысының шетелдік қатысушыларының көлік құралдарына индекстер беру тәртібін сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

33. Ақаулы көлік құралдарының қосалқы бөлшектерінен және агрегаттарынан жиналған, техникалық регламенттерді бұза отырып, қайта жабдықталған көлік құралдары тіркеуге алынбайды.

34. Жасалған тіркеу әрекеттері, тіркелген көлік құралдары, көлік құралдарының меншік иелері мен иелері туралы мәліметтер, сондай-ақ тіркеу әрекеттерін жасау үшін негіз болған құжаттар (құжаттардың көшірмелері) жазбаша сұрау салу негізінде соттарға, прокуратура, тергеу, анықтау

органдарына олардың өндірісіндегі қылмыстық, азаматтық істерге, әкімшілік құқық бұзушылық істеріне байланысты, сот орындаушыларына олардың сот актілерін немесе басқа да органдардың актілерін орындауы бойынша функцияларды жүзеге асыруына байланысты, сондай-ақ салық, кеден және басқа органдарға өз функцияларын орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шарттарда және тәртіппен ұсынылады.

35. Лизингке сатып алынатын көлік құралдары «Қаржы лизингі туралы» 2000 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының және осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген құжаттардың негізінде тіркеледі.

36. Жеке немесе заңды тұлға меншігіне алған және ол лизинг шарты немесе қосалқы лизинг шарты негізінде жеке және заңды тұлғаға уақытша пайдалануға не иеленуіне берген көлік құралдары лизинг беруші немесе лизинг алушы тараптардың жазбаша келісімі бойынша тіркеледі.

37. Көлік құралдарын лизинг берушінің атына тіркеуді, өзге тіркеу әрекетін жасауды және осындай көлік құралдарын тіркеу есебінен шығаруды ТЕП жалпы негіздерде лизинг берушінің заңды тіркелген жері бойынша жасайды.

38. Лизинг беруші көлік құралдарын лизинг алушының атына тіркеуді көздейтін лизинг немесе қосалқы лизинг шартының негізінде уақытша иеленуге және (немесе) пайдалануға лизинг алушыға берген көлік құралдары лизинг не қосалқы лизинг шартының негізінде лизинг алушының атына орналасқан орны бойынша шарттың қолданылу мерзіміне ТЕП-те тіркеледі.

Көлік құралдарын лизинг алушының атына уақытша мемлекеттік тіркеу лизинг немесе қосалқы лизинг шартында не Қазақстан Республикасының аумағына көлік құралын уақытша әкелген кезде кеден органдары беретін құжаттарда көрсетілген МТНБ және КҚТК бере отырып жүргізіледі.

Көлік құралдарын лизинг берушінің атына тіркеу орны бойынша ТЕП берген МТНБ және КҚТК, сондай-ақ лизинг берушінің атына тіркелген немесе тіркелмеген көлік құралдарына берілген лизинг немесе қосалқы лизинг шартының көшірмелері (ксерокөшірмелері) көлік құралдарын лизинг алушының атына уақытша тіркеу орны бойынша ТЕП-ке тапсырылады.

39. Қазақстан Республикасының аумағына басқа мемлекеттерден уақытша әкелінген көлік құралдарының тіркеу құжаттары және тіркеу нөмірлік белгілері көлік құралдарын тіркеу орны бойынша ТЕП-ке тапсырылады және лизинг алушының атына тіркеледі.

40. Лизинг берушінің атына тіркелген немесе көлік құралдарына меншік құқығының лизинг алушының атына ауысуын көздейтін лизинг шартының негізінде лизинг алушының атына уақытша тіркелген көлік құралдары тиісті тіркеу есебінен шығарылады және Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген көлік құралын кедендік ресімдеу аяқталған кезде көлік

құралына меншік құқығының ауысуы туралы лизинг берушінің жазбаша растауының, лизинг шартының негізінде лизинг алушының атына тіркеледі.

Көлік құралдарына меншік құқығының лизинг алушыға ауысуын көздемейтін лизинг шартының мерзімі аяқталған соң көлік құралдары тиісті есептен шығарылады және лизинг алушының атына тек осындай көлік құралдарына лизинг алушының меншік құқығын растайтын тиісті құжаттардың негізінде ғана, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген көлік құралдарын кедендік ресімдеу аяқталған кезде тіркелуі мүмкін.

41. Лизинг берушінің тиісті жазбаша өтінішінің негізінде лизинг беруші лизинг шартын бұзған және көлік құралын лизинг алушының атына уақытша тіркелген көлік құралдарын алып қойған жағдайда, мұндай көлік құралдары тіркеу есебінен шығарылады.

42. Лизинг алушының атына уақытша тіркелген көлік құралдарының тіркеу деректерін өзгерту лизинг алушының көлік құралдарына күрделі және ағымдағы жөндеуді жүзеге асырған жағдайда ғана, оның ішінде егер бұл шартта көзделген болса, нөмірлік агрегаттарды ауыстыра отырып жүргізіледі.

Көрсетілген жағдайларда тіркеу деректерін өзгертуді берілген тіркеу туралы куәлікті ауыстыру және көлік құралдарының паспорттарына тиісті өзгерістер енгізу арқылы көлік құралдарын лизинг алушының атына уақытша тіркеу орны бойынша ТЕП жүзеге асырады.

43. Лизинг алушының атына көлік құралдарының уақытша тіркелу мерзімі аяқталған кезде осы көлік құралдары лизинг алушының өтініші негізінде тіркеу есебінен шығарылады. Лизинг алушыларға берілген МТНБ және КҚТК көлік құралдарын уақытша тіркеу орны бойынша ТЕП-ке тапсырылады. Өтініш берушілерге олардан қабылданған тіркеу құжаттары мен лизинг берушінің атына тіркелген көлік құралдарына МТНБ қайтарылады.

Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген көлік құралдарын оларды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге байланысты тіркеу есебінен шығарған кезде өтініш берушілерге көлік құралын тіркеу есебінен шығару туралы белгісі бар КҚТК беріледі, сондай-ақ көлік құралы тіркелген шет мемлекеттердің тіркеу нөмірлері қайтарылады, ал олар болмаған кезде «Транзит» МТНБ беріледі.

44. Жеңілдетілген кедендік тариф бойынша Қазақстан Республикасына әкелінген арнайы көлік құралдары кедендік жеңілдіктер қолданылмайтын көлік құралының басқа түріне қайта жабдықталған жағдайда, кеден органының тиісті рұқсатын ұсынғаннан кейін тіркеледі.

## **2. Көлік құралдарын тіркеу туралы куәлікке өзгерістер енгізу**

45. КҚТК-ге өзгерістер:

1) меншік құқығы;

2) меншік иесінің тұрғылықты жері немесе заңды тұлғаның мекенжайы;

3) меншік иесінің тегі, аты, әкесінің аты (заңды тұлғаның атауы);

4) көлік құралын қайта жабдықтау немесе ондағы агрегаттарды айырбастау, түсін өзгерту салдарынан көлік құралының типі өзгертілген жағдайларда жүргізіледі.

46. Меншік құқығы, иесінің тұрғылықты жері (заңды мекенжайы) өзгерген жағдайда тіркеуге өзгерістер енгізу осы Қағидалардың 17-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6) 7), 10), 11) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың негізінде, ал меншік иесінің тегі және/немесе аты және/немесе әкесінің аты (ұйымның атауы) ауыстырылған жағдайда қолданыстағы заңнамаға сәйкес осы өзгерісті растайтын құжаттардың негізінде қосымша жүргізіледі.

Сот қаулысының негізінде кәсіпорынның банкроттығы туралы іс қозғалған жағдайда, есептен шығару және тіркеу конкурстық басқарушының өтініші бойынша тарату комиссиясының шешімі негізінде жүргізіледі.

47. БАЖ-ға және БАЖ-да және КҚТК-де көрсетілген тіркеу деректерінен айырмашылығы бар КҚТК-ге өзгерістер енгізу ІО қабылдаған қорытындының негізінде жүргізіледі.

48. МТНБ-нің телнұсқасын беруді қоспағанда, КҚТК-ге өзгерістер енгізілген кезде КҚТК-ні ауыстыру жүргізіледі.

49. Жеңіл автомобильдің немесе автобустың шанағын, жүк автомобилінің шассиін ауыстырған, оның ішінде басқа модельге (модификацияға) ауыстырған жағдайда, КҚТК-ге көлік құралының бұрынғы шығарылған жылы, маркасы, моделі жазылады. КҚТК-нің «Ерекше белгілер» деген бағанына тиісті өзгерістің күні көрсетіліп, «Шанақ ауыстырылды» деп жазылады.

Тіркелген көлік құралының конструкциясына өзгерістер енгізілгеннен кейін қайта сертификаттау жүргізу қажет.

50. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік құралдарының ТЕП тіркелген босаған нөмірлік агрегаттарға куәліктер тиісті нөмірлік агрегаттарды ауыстыруға байланысты тіркеу деректері өзгерген кезде, сондай-ақ олардың кәдеге жаратылуына байланысты көлік құралын есептен шығарған кезде беріледі.

51. КҚТК-ге өзгерістер енгізу кезінде КҚТК-нің «Ерекше белгілер» деген бағанында бұрынғы КҚТК-нің сериясы мен нөмірі, сондай-ақ жүргізілген өзгерістің негіздемесі көрсетіледі.

Егер меншік құқығын растайтын құжаттарда бірнеше меншік иесі көрсетілсе, онда көлік құралын тіркеу барлық меншік иелерінің жазбаша келісімі бойынша олардың біреуінің атына не КҚТК «Ерекше белгілер» деген бағанында қалған

меншік иелерін көрсете отырып, олардың бірінің атына жүзеге асырылады.

52. Сот шешімі бойынша тәркіленген немесе иесіз деп танылған көлік құралдарының, сондай-ақ тіркеу құжаттары жоқ көлік құралдарының КҚТК-сіне өзгерістер енгізу сот шешімдерінің көшірмелерімен расталған сауда нәтижелері негізінде жүргізіледі. Бұл ретте есептен шығару үшін ақпарат оның бұрынғы тіркелген жері бойынша жіберіледі.

53. Уақытша есепке алу осы Қағидалардың 17-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6) 7), 10) және 11) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың негізінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік құралын уақытша есепке алу талонын бере отырып жүргізіледі.

Кеден одағына қатысушы елдердің көлік құралдарын уақытша мемлекеттік тіркеу осыған ұқсас жүзеге асырылады.

### **3. Көлік құралдарын есептен шығару**

54. Көлік құралын есептен шығару үшін олардың иелері (иелерінің өкілдері) ТЕП-ке осы Қағидалардың 17-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6) 7), 10), 11) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады, МТНБ тапсырады. КҚТК-ке көлік құралын есептен шығару мән-жайларына сәйкес келетін жазбалар жазылады, олар жол қозғалысының қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның м ө р і м е н р а с т а л а д ы .

Көлік құралының иесі ХҚО-ға жүгінген кезде осы Қағидалардың 17-тармағының 2), 7), 9), 10), 11) тармақшаларында, 13) тармақшасының бесінші абзацында көрсетілген құжаттар ұсынылады.

Меншік иелері байқау сәтінде көлік құралының нақты орналасқан жері бойынша жол қозғалысының қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамы берген, мөрмен расталған байқау актісін ұсынған кезде тіркеу орны бойынша көлік құралдарын қарауға көрсетпей есептен шығаруға рұқсат е т і л е д і .

Есептен шығару көлік құралының бұрынғы тіркелген жері бойынша есептен шығаруға қандай да бір шектеулердің жоқ екені туралы сұрау салу орындалғаннан кейін есепке алу деректері мен олардың мәліметтері нақтыланған с о ң ж ү р г і з і л е д і .

Көлік құралын есептен шығару туралы шешім қабылданған соң бұл туралы ақпарат оның бұрынғы тіркелген жері бойынша ТЕП-ке дереу жіберіледі. Сұрау салуды және жауаптарды орындау мерзімі үш жұмыс күнінен аспайды.

55. Егер көлік құралының иелері екі және одан да көп жеке тұлға болып табылса, есептен шығару иелерінің жазбаша келісімі немесе көлік құралдарын заңды негізде иеленуге, пайдалануға немесе иелік етуге құқық беретін

құжаттарды ұсынуы бойынша жүргізіледі.

56. Кәдеге жаратылуға (жарамсыз деп белгілеуге, есептен шығаруға) жататын көлік құралдары осы Қағидалардың 17-тармағының 1), 2), 5), 7), 9), 11) тармақшаларында көрсетілген құжаттар ұсынылған жағдайда байқау жүргізілмей, есептен шығарылады. КҚТК және МТНБ ТЕП-ке тапсырылады. Кәдеге жаратылатын көлік құралына КҚТК, МТНБ болмаған жағдайда, жазбаша нысанда оларды жоғалтудың мән-жайлары көрсетіледі. Бұл ретте ПО-ның ақпараттық ресурстары бойынша тексерулер жүзеге асырылады.

57. КҚТК болмаған кезде меншік иелері оларды жоғалтудың мән-жайларын көрсетеді. Көлік құралдары есептен КҚТК телнұсқасы берілмей шығарылады, бұл ретте меншік иесіне көлік құралын есептен шығару туралы қызметтік жазбасы бар көлік құралына растау анықтамасы беріледі.

58. Меншік иесінен айдап әкетілген және/немесе ұрланған және қайтарылмаған көлік құралдарын есептен шығару оның өтініші және көлік құралының іздеуде екені туралы ПО берген құжат негізінде жүргізіледі. Іздестірудегі көлік құралы иесіне қайтарылған жағдайда, тіркеу иесінің өтініші, көлік құралын іздестіру туралы мәліметтердің ПМ ақпараттық ресурстарында болмауы және көлік құралын байқау негізінде жүргізіледі.

59. Соттар, тергеу, кеден органдары не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен басқа да органдар мен меншік құқығын өзгерту бойынша тыйымдар немесе шектеулер енгізген көлік құралдарын есептен шығару, тиісті органдар берген және көрсетілген тыйымдардың немесе шектеулердің жоқ екені туралы куәландыратын құжаттар ұсынылғаннан кейін не сот органдарының шешімі бойынша жүргізіледі.

60. Берілген кредит үшін банктерге кепіл ретінде ұсынылған заңды және жеке тұлғалардың көлік құралдарына, сондай-ақ банктер берген кепіл туралы шарттың (немесе өзге құжаттардың) көшірмелерін ұсынған жағдайда заңды және жеке тұлғаларға кепілдік міндеттеме орындалғанға дейін оларды есептен шығаруға шектеу енгізіледі. Бұл ретте БАЖ-ға тиісті белгілер жасалады.

61. Заңды тұлғалардың көлік құралдарын жеке тұлғаларға сатқанда осы Қағидалардың 17-тармағының 1), 6), 7), 9), 10), 11), 12-тармақшаларында, 13) тармақшасының бесінші абзацында көрсетілген құжаттардың негізінде заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік (коммуналдық) меншік құқығының субъектісі функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік (коммуналдық) органдардың (мемлекеттік меншіктегі заңды тұлғалар үшін) рұқсаты негізінде жүргізіледі. Бұл ретте КҚТК-ге «Автомобиль азамат Т.А.Ә., тұрғылықты мекенжайы, жеке басын кәуландыратын құжаттың сериясы, нөмірі, сатылуына байланысты есептен шығарылды» деген жазба енгізіледі.

Көлік құралының иесі ХҚО-ға өтініш білдірген кезде осы Қағидалардың 17-

тармағының 1), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттар ұсынылды.

62. Қазақстан Республикасына әкелінген және белгіленген мерзімдерде әкетілмеген немесе кеден заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын көлік құралдары кеден органдарының тиісті құжаттарының негізінде ғана есептен шығарылды.

63. Кері әкету туралы міндеттемемен берілген Қазақстан Республикасына 2 айдан астам мерзімге уақытша әкелінген көлік құралдарын есептен шығарғанда Қазақстан Республикасының ҚКТК және МТНБ ТЕП-ке тапсырылып, өзге мемлекеттердің МТНБ мен құжаттардың түпнұсқасы иелеріне қайтарылады.

64. ҚКТК және/немесе МТНБ болмаған кезде тұрған жері белгісіз көлік құралдарын есептен шығару осы көлік құралы соңғы үш жыл бойы пайдаланылмайтынын болжауға негіз беретін ақпаратты жаза отырып, жол қозғалысының қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган шығарған қорытынды негізінде жүргізіледі.

Көлік құралдарының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидаларына

1-қосымша

Нысан

### **Көлік құралын тіркеу (есептен шығару) актісі**

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты) (заңды тұлғаның атауы) үшін мынадай құжаттарды ұсынды \_\_\_\_\_

ұсынылған құжаттар

(БСН) ЖСК \_\_\_\_\_

Туған күні \_\_\_\_\_ жеке басын куәландыратын құжат \_\_\_\_\_

(күні, айы, жылы)

(атауы, сериясы, нөмірі, қашан және кім берді)

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

### **Көлік құралы туралы мәліметтер**

VIN \_\_\_\_\_ Мем. нөмірі \_\_\_\_\_

Шасси нөмірі \_\_\_\_\_ Моделі \_\_\_\_\_

Шанақ нөмірі \_\_\_\_\_

Дайындаушы кәсіпорын \_\_\_\_\_ Түсі \_\_\_\_\_

КҚ түрі \_\_\_\_\_ Қозғалтқыш қуаты (кВт/ж.к. V см<sup>3</sup>) \_\_\_\_\_  
КҚ санаты \_\_\_\_\_ Рұқсат етілген ең жоғарғы масса, kg \_\_\_\_\_  
Шығарылған жылы \_\_\_\_\_ Жүктемесіз массасы, kg \_\_\_\_\_  
КҚ тіркеу куәлігі \_\_\_\_\_  
(сериясы, нөмірі, берілген күні)

### Иесінің өкілі

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)  
Туған күні \_\_\_\_\_ Жеке басын куәландыратын құжат \_\_\_\_\_  
(күні, айы, жылы) (атауы, сериясы, \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ нөмірі, қашан, кім берген)  
Мекенжайы \_\_\_\_\_ Телефоны \_\_\_\_\_  
Сенімхат \_\_\_\_\_  
(қашан, кім берген, тізілім нөмірі)  
20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ Иесінің қолы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ МТНБ \_\_\_\_\_ КҚТК берілді.

### ЖП қызметтік белгілері

ЖП лауазымды адамының қорытындысы  
Байқау нәтижелері бойынша көлік құралы туралы мәліметтер:  
МТНБ \_\_\_\_\_ Дайындаушы кәсіпорын \_\_\_\_\_  
КҚ санаты \_\_\_\_\_ Сәйкестендіру нөмірі (VIN) \_\_\_\_\_  
Шығарылған жылы \_\_\_\_\_ Маркасы, моделі \_\_\_\_\_  
Шасси (рама) нөмірі \_\_\_\_\_ Шанақ нөмірі \_\_\_\_\_  
Түсі \_\_\_\_\_ Байқау нәтижесі \_\_\_\_\_  
(ақаусыз, ақауы бар)  
ЖП лауазымды адамы \_\_\_\_\_  
(қолы немесе коды) (тегі)  
Айдап әкетілген және ұрланған автокөлік базасы бойынша тексеру жүргізілді \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (нәтижесі, күні, уақыты) \_\_\_\_\_

-----  
(тексеру жүргізген лауазымды адамның қолы, тегі)

### Иесінен қабылданды



сериясы № \_\_\_\_\_  
(тіркеу құжатының атауы)

Тіркеу нөмірлері \_\_\_\_\_ саны \_\_\_\_\_

ҚК паспортының сериясы № \_\_\_\_\_

сериясы № \_\_\_\_\_

(меншік құқығын растайтын құжат)

«Транзит» белгісі \_\_\_\_\_ саны \_\_\_\_\_

Кепілді тіркеу туралы куәлік \_\_\_\_\_

№№ түбіртектер \_\_\_\_\_

Өзге құжаттар: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қабылданды.

(тіркеу әрекеттерін жүргізу немесе жүргізуден бас тарту туралы ЖП лауазымды  
адамның қорытындысы)

20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

(қолы)

Иесіне берілді

Сериясы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

(тіркеу құжатының атауы)

Тіркеу белгілері \_\_\_\_\_ «Транзит» белгісі \_\_\_\_\_

ҚК паспорты сериясы № \_\_\_\_\_

Өзге де құжаттар \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 20\_\_ ж «\_\_» \_\_\_\_\_ берілді.

Оператор \_\_\_\_\_ (қолы, тегі)

Көлік құралдарының сәйкестендіру

нөмірі бойынша көлік құралдарының

жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу

және есепке алу қағидаларына

2-қосымша

Нысан

**№ \_\_\_\_\_ көлік құралын байқау актісі**

**20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_**

Мемлекеттік тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_

Сәйкестендіру нөмірі (VIN) \_\_\_\_\_

Маркасы, үлгісі \_\_\_\_\_

Дайындаушы кәсіпорын \_\_\_\_\_

ҚК түрі \_\_\_\_\_ ҚК санаты \_\_\_\_\_

Шығарылған жылы \_\_\_\_\_ Шасси (рама) нөмірі \_\_\_\_\_

Шанақ нөмірі \_\_\_\_\_  
Түсі \_\_\_\_\_  
Сериясы № \_\_\_\_\_ (тіркеу құжаты)  
Сериясы № \_\_\_\_\_ (меншік құқығын растайтын құжат)  
\_\_\_\_\_ тиесілі  
(ұйым) (иесінің Т.А.Ә)

Иесінің мекенжайы \_\_\_\_\_  
Сенім білдірілген адам \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., мекенжайы, сенімхат нөмірі, сериясы, кім, қашан берген)

Байқау жүргізген \_\_\_\_\_  
(байқау жүргізген қызметкердің лауазымы, бөлінісі, атағы, Т.А.Ә)

Анықталған техникалық ақаулары \_\_\_\_\_

Техникалық жағдайы туралы қорытынды: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ байланысты автомобиль конструкциясына өзгерістер енгізілді.

Қорытынды: \_\_\_\_\_  
(байқау жүргізген қызметкердің қолы)

Көлік құралдарының сәйкестендіру  
нөмірі бойынша көлік құралдарының  
жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу  
және есепке алу қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

### Босаған нөмірлік агрегатқа куәлік

\_\_\_\_\_ (тіркеу пунктiнiң атауы)  
\_\_\_\_\_ растайды

\_\_\_\_\_ (агрегаттың атауы және нөмірі)

Нөмірлік агрегат орнатылған (тіркелген) көлік құралы туралы мәліметтер:

мемлекеттік тіркеу белгісі \_\_\_\_\_

сәйкестендіру нөмірі (VIN) \_\_\_\_\_

маркасы, үлгісі \_\_\_\_\_ дайындаушы кәсіпорын \_\_\_\_\_

КҚ түрі \_\_\_\_\_ КҚ санаты \_\_\_\_\_

шығарылған жылы \_\_\_\_\_ шасси (рама) нөмірі \_\_\_\_\_

шанақ нөмірі \_\_\_\_\_ түсі \_\_\_\_\_  
сериясы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
(тіркеу құжаты)  
\_\_\_\_\_ тиесілі  
(тегі, аты, әкесінің аты)

(мекенжайы, паспорты немесе оны алмастыратын құжаты, кім, қашан берілген)  
\_\_\_\_\_  
(заңды тұлғаның атауы, мекенжайы)

М . О .  
20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
қолы \_\_\_\_\_

Көлік құралдарының сәйкестендіру  
нөмірі бойынша көлік құралдарының  
жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу  
және есепке алу қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

### **Көлік құралын уақытша есепке алу талоны**

Иесі \_\_\_\_\_  
Тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_ Маркасы \_\_\_\_\_  
КҚ шығарылған жылы \_\_\_\_\_ КҚ санаты \_\_\_\_\_  
Шасси № \_\_\_\_\_ Шанақ № \_\_\_\_\_  
Түсі \_\_\_\_\_  
Иесінің мекенжайы \_\_\_\_\_  
Сенім білдірілген адам және мекенжайы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ дейін жарамды  
Жарамдылық мерзімі \_\_\_\_\_ ұзартылды  
ТЕП қызметкері \_\_\_\_\_  
(лауазымы, атағы, Т.А.Ә қолы)

МО  
Берілген күні 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_